

Семей мемлекеттік медицина университеті.
Психиатрия кафедрасы.

СӨЖ

Тақырыбы: Психотерапияның негізгі әдістері.

Орындаған: Мубаракова А.К.
542 топ
Тексерген: Алтыбаева Г.К.

Семей 2016 жыл.



Жоспар

- ▶ **Кіріспе.**
- ▶ **Негізгі бөлім:**
 - ▶ Психотерапия
- ▶ Психотерапия әдістері.
 - ▶ **Қорытынды.**
- ▶ **Пайдаланылған әдебиеттер.**

- ▶ **Психотерапия** (гр. *psyche* — жан + *therapeia* — емдеу). Қысқаша айтқанда психотерапия адамды (пациентті) психологиялық құралдардың ықпалымен емдеу дегенді білдіреді. Психотерапия — кең өрісті мағынасы бойынша сау адамдарға (клиенттерге) әр түрлі психологиялық қиын жағдайларға немесе психикасын өңдеуге көмекті қажетсінгенде жәрдем беруді іздейтін ғылым саласы.
- ▶ Психотерапия — психология мен медицина аралығындағы, адамдарға іс жүзінде әсер ету әдістері мен теориялық білімдер саласы. Психотерапия ауру адамдарды емдеу мақсатында қолданылатын психологиялық құралдар ережелерін қарастырады және оларды зерттейді, сипаттайды. Психотерапия адам әр түрлі психикалық ауруға, жүйке ауруына және т.б. эмоциялық тұрақсыздық күйіне ұшырағанда, оның көмескіленген ойлау жүйесі мен сана-сезімін ауызша және әсерлі қимыл-әрекетпен ықпал ету арқылы емдеудің жүйесі.



Психотерапевтік әсер етудің
негізгі әдістері




Психотерапияның клиникалық тәсілдері

- гипнотерапия
- аутогендік жаттығу
- зейнелі терапия
- иландыру,
- өзін-өзі иландыру

Психодинамикалық психотерапия.

- ▶ Психотерапевтикалық әдісті *Фрейд* (Freud S.) зерттеген. Санасыз психикалық үдерістер мен олардың талдауына қолданылатын психотерапевтикалық әдістері туралы түсінік негізгі ұғым болып табылады.
- ▶ Психологиялық талдау психотерапияның ең қарқынды және формасы бойынша қатаң түрі. Пациент психоаналитикке аптасына 3-5 рет барады; емдеу курсының ұзақтығы бірнеше айдан бірнеше жылға дейін. Клиент кушеткада жатады және оның артында отырған психоаналитикті көрмейді. Пациент еркін ұқсатуға талпынады, яғни бастапқы түп тамырдан шығатын ойлар көзғалысын бақылау үшін, басына келетіннің барлығын айтқысы келеді; сондай-ақ түс көрулері мен психотерапия үдерісінде пайда болатын *тасымалдау* сезімі туралы айтады.

- ▶ Психологиялық талдау мақсаты дерттік қорғаныстың азаюы арқылы мінез құрылысын қайта құру болып табылады. Психологиялық талдау нәтижесі жетілген тұлғаның қалыптасуы болу керек. Психологиялық талдау жүйкесі төзған, жеке тұлғаның бұзылуы, сексуалдық бұзылулары бар пациенттерге қолданылады.



Клиентке бағытталған терапиясы.

- ▶ 1940-ж. басында К.Роджерс оған «клиентке бағытталған» деген атау берді.. Бұл экзистендік ағымның адамгершілік таратылуы. Батыста кең дамыды, 1986 ж. кейін — отандық психологтар арасында да.
- ▶ Негізгі мақсаты — адамға «тұтас әрекет ететін тұлға» болуға көмектесу.
- ▶ психотерапияның басты мақсаты — жеке тұлға өсуінде, дамуындағы көмек, осының арқасында адам мәселелерді өзі шеше алады.

Гештальт терапиясы.

- ▶ Гештальт-терапиясы — әлемдік тәжірибелік психологиядағы кеңінен танымал және тиімді бағыт.
- ▶ Ф.Перлз, бағыттың негізін қалаушы бастапқыдан науқас қоғамда дені сау тұлғаның өмірмен күресу мәселесін қойды. Сондықтан гештальт-терапияның көп қырлы техникасы жеке тұлғаның психологиялық көмегін қамтамасыз етуге, адамның оның өткен және болашақтағы ауырлықтан босауына және оның «МЕНІНІҢ» »қазіргі» жеке тұлғалық өмірінің бай өзгеріске толы әлемге қайтуына бағытталған.

- ▶ Гештальт-кеңес берушінің басты мақсаты — клиентке әрдайым қоршаған ортадан жәрдем күтуінен құтылуға және тәуелсіздікке көшуге көмектесу. Гештальт-кеңес берушіліктерге өтілген клиенттер, алғашқы рет, негізінен, өз мәселелерін шешуге қызығушылық танытуда. Гештальт-кеңес берушітар клиенттерге ағымдағы мәселелерді шешуде өздерін тірек ретінде ғана емес, сонымен қатар неғұрлым «шынайы» өмір сүруге көмек көрсетеді. Клиенттер дербес болуы үшін, олар өздерінің организмикалық экзистенциалдық орталықтарымен (мен — ол менің негізгі қалпым). Өзінің организмикалық «МЕНімен» немесе сезімдерімен қатынаста болатын адамдар өзін-өзі жігерлендіргіш немесе дербес болып табылады.



Когнитивтік психотерапия.

- ▶ Когнитивтік психотерапия эмоциональдық серпілістер мен психикалық бұзушылықтар бұрын пайда болған танылатын құрылыстар мен актуальдық танылатын үдерістермен жанамаланған сияқты қарастырылатын *мінез-құлық психотерапияның* дамуы болып табылады, басқаша айтқанда, мұнда аралық ауыстырылатынның орнына ой (когниция) жүреді.



- ▶ Басты мақсаты — пікірлер, нормалар мен түсініктер жүйелерін қайта қарауға көмек.
- ▶ Жеке мақсаты — өзін-өзі кінәлаудан босау. Осы тұжырымдамамен жұмыс жасайтын психолог-кеңес беруші немесе психотерапевттің бағдары директивті. Ол түсіндіреді, сендіреді, ол — олардың нақсыздығы мен еріксіздігіне нұсқай отыра, қате пікірлерді жоққа шығаратын беделді болып табылады. Клиентке оқушының рөлі беріледі, және сәйкесінше, оның табыстары оқушының рөлімен мотивациясы мен сәйкестендірумен байланысты түсіндіріледі. Клиент көрегендіктің үш деңгейінен өтеді деп жорамалданады: үстіңгі (мәселені сезіну), тереңдетілген (өзіндік түсіндірулердің танылуы) және терең (мотивацияның өзгеру деңгейінде).

Рационалды психотерапия.

- ▶ Ең алғаш рет жан-жақты және жүйелі түрде швейцарлық невропатологы Дюбуа (Dubois P.) «Психоневрозы и их психическое лечение» (1912) кітабында баяндалған. *Иландыру* терапиясының баламасы ретінде пайда болған Р.п., ең алдымен, науқастың ақылы мен ойлауына негізделді (лат. ratio — разум, рассудок).

Трансактілік талдау.

- ▶ Американдық психолог Эрик Бёрн дербес психотерапевтикалық бағытты ойлап тапты, ол трансакциялық талдау атауымен бүкіл әлемге кеңінен таралды. **Трансакция** сөзі өзара әрекеттесу деп аударылады, және, сәйкесінше, трансакциялық талдау ұғымы өзара әрекеттесудің талдауы, қарапайым түрде - адамдар қарым-қатынасы деп түсіндіріледі.

- ▶ Басты мақсаты — клиентке өз ойындарын, өмірлік сценарийлерді, эго-жағдайларды сезінуге және қажетінше мінез-құлық пен өмір құрылымына қатысты жаңа шешімдерді қабылдауға көмектесу. Психологиялық көмектің мәні адамды мінез-құлықтың байланған бағдарламаларының орындауынан босату және оның тәуелсіз, спонтандық, толық бағалы жақындасуы. Қабілетті болуға көмектесу болып табылады.



Трансакциялық талдау келесілер кіреді:

- ▶ 1) құрылымдық талдау — жеке тұлға құрылысын талдау;
- ▶ 2) трансакцияларды талдау — адамдар арасындағы вербалды және вербальды емес өзара әрекеттер;
- ▶ 3) психологиялық ойындар талдауы — жақсы нәтижеге (ұтыс) жеткізетін жасырын трансакциялар;
- ▶ 4) сценарий талдауы (скрипт-талдауы) — адам еріксіз көнетін жеке өмірлік сценарийі.

- ▶ Трансакциялық талдау — бұл топтық түрде өткізілетін *интеракциондық психотерапия*. Науқастарды Трансакциялық талдаудың негізгі ұғымдарына, мінез-құлық және олардың бұзылу механизмдерінің түсінігіне оқытады Психотерапевт және науқастар осында тақта және бормен пайдаланады. Жұмыстың мақсаты топтың мүшелері қандай Мен-жағдайының шегінде олардың жұмыс жасайтынын (құрылымдық талдау) сезіну болып табылады. Бұл сезінуді дамыта отыра, науқастар ата-аналарынан алған ертедегі бағдарламалауды, жолдауды (хабарламаларды) және өз абыройы («мен о'кей», «мен о'кей емес») мен өмірлік бағдарына қатысты өзінің ертедегі шешімерін зерттейді. Р. Гулдинг (Goulding R. L.) пен М. Гулдинг (Goulding M.) бойынша басты мақсаты ертедегі шешімдерді қайта қарау болып табылады.

Нейролингвистикалық бағдарламалау (НЛБ).

- ▶ НЛБ – 70-жж. басында пайда болған бүгінгі күні психотерапия кеңінен танымал бағыттарының бірі. Оның негізін салушылар Ричард Бэндлер және Джон Гриндер болып саналады. Олар өз кезегінде жұмыстарының басталу нүктесі Федерика Перлз, Вирджиния Сатир және Милтон Эриксон тәжірибелерінің жалпылануы деп есептейді.
- ▶ НЛБ сәйкес, әр адамда ақпаратты қабылдаудың басымдық танытатын каналы бар: **модальдылық**. Яғни, әйтсе де әр дұрыс адам әлемді бар сезім органдарымен қабылдайды: естумен, көрумен, сезумен, бұлшық-қимылмен де (кинестетикалық) және т.б., бірақ бір адамда *жетекші модальдылық* болып көріп қабылдауы, ал екіншісінде естіп қабылдауы (ал басқалары – оны толтырады) болып табылады.

Негізінен модальдылықтың келесі түрі жіктеледі:

- ▶ 1) **визуалды** (көру);
- ▶ 2) **аудиалды** (есту);
- ▶ 3) **кинестетикалық** (дене сезімі);
- ▶ 4) **сезік-дәм сезу.**

- ▶ НЛБ белгілі техникаларының бірі **рефрейминг** болып табылады. Рефрейминг (ағылш. *frame* — шек, арқау, қаңқа) — қайта қалыптасу.
- ▶ Рефрейминг — бұл адамның оқиғаларды түрлі шеңберге орналастыру қабілеті. Рефреймингтің негізгі екі түрін бөледі: **мәнмәтін рефреймингі** және **мазмұн рефреймингі**
 - ▶ **Мәнмәтін рефреймингі** келесі пікірлер жағдайында жақсы жұмыс істейді: «Мен тым...» немесе «Мен доғарғым келеді...». Ол үшін психотерапевт екі сұрақпен жұмыс жасайды — «Қай кезде бұл мінез-құлық пайдалы?» және «Қандай жағдайда бұл мінез-құлық ресурсты болады?». Осылай, педанттық пен ұқыптылық құнды ресми қасиеттер бола алады, сонымен қатар отбасылық өмірде кикілжіңге әкелуі мүмкін және керісінше, өмірді қабылдай алу және өзін-өзі бала ретінде сезіну жақын өзара қатынастардың болуына септігін тигізеді, бірақ олар жұмыста пайдалы болуы күмәнді. Тәжірибе мазмұны — клиенттің ұнайтын, соны маңызды санап, назарын аудартатын нәрсе.
 - ▶ **Мазмұн рефреймингі** келесі пікірлерге қолданылады: «Мен бастаймын.., егер маған жасаса...» немесе: «Егер..., онда мен...». Бұл жағдайда терапевт сұрақтар қояды: «Мұндай жағдай тағы нені білдіре алады?», «Бұл мінез-құлықтың жағымды бағыты қандай?» және «Бұл мінез-құлықты тағы қалай сипаттауға болады?». Жалпылай отыра рефрейминг негізінде ниет пен мінез-құлық арасындағы адам не жасайтыны мен шын мәнінде неге ұмтылатынындағы айырмашылық жатыр.

Суггестивтік психотерапия.

- ▶ Лат. *suggestio* — иландыру. Бұл термин негізінде жетекші емдеу факторы *иландыру* немесе *өзін-өзі иландыру* болып табылатын әдістер тобын біріктіреді. Иландыру сергектену, гипнөздық ұйқы (*гипнотерапия*), нашақорлық ұйқы (*наркопсихотерапия*) жағдайында іске асады. Өзін-өзі иландыру әдістерінің ең атақтысы *Куэ* бойынша *өзін-өзі иландыру, аутогендік жаттығу, биологиялық кері байланыс*.
- ▶ **ИЛАНДЫРУ (И.)** (лат. *suggestio*). Сыни бағалаусыз қабылданатын және жүйке-психикалық және соматикалық үдерістердің ағымына әсерін тигізетін ақпараттың берілуі. И. Жолымен сезінулер, түсініктер, эмоциональдық жағдайлар мен ерік түрткілер, сондай-ақ тұлғаның белсенді қатысуынсыз, қабылданатынның логикалық өңделуісіз вегетативтік қызметтерге әсерін тигізеді.

- ▶ Иландыру гипнөздық ұйқы жағдайында емдеу мақсатымен кеңінен таралған. Нашақорлық психотерпия әдісін қолданғанда И. емдеу әсері жасанды шақырылған есірткі ұйқы жағдайында іске асады. Нашақорлық психотерпия әдістеріне жақын газды қосынды мен шала тотық азотын психотерапевтік мақсатпен қолдануы жатады (қ. *Газды қосынды мен шала тотық азоты арқылы нашақорлық психотерапия*). Жанама И. соңғы кездері курорттық психотерапевттер жұмыстарында дамыған жанама және потенциалды түрдегі жанама психотерапия әзірлемесінің негізі болып табылады. *Плацебо-терапия* иландыру жанама түрі болып саналады, онда плацебо-препараты (лат. placebo — ұнаймын, қанағат етемін) тағайындалады – кез келген емдеу құралы ретінде қолданылатын зиянсыз препарат.

- ▶ **Өзін-өзі иландыру (Ө.И.)** — бір ойлар, тілектер, бейнелер, сезінулер, жағдайлардың өз-өзіне иландыру әдісі. Психотерапиялық тәжірибеде өзін-өзі иландырудың әр түрлі әдістемесін қолданады. Олар жиі бұрын ұсынылыған Куэ бойынша өзін-өзі иландыру әдістемесі болады (Coe E., 1928). Өзін-өзі иландыру психотерапияның басқа әдістерінің негізі (немесе емдеу әрекетінің маңызды механизмдерінің бірі) болып табылады (қ. *Аутогендік жаттығу*).

БЕХТЕРЕВ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІ ИЛАНДЫРУ.

- ▶ В. М. Бехтерев 1890-1892 жж. сипаттаған бұл әдістеме *суггестивтік психотерапияға* жатады және жеңіл гипнөздық ұйқы жағдайында (гипнөздың бастапқы сатысында) жасалатын өзін-өзі иландырудың өзгеше тәсілі болып табылады.
- ▶ Емдеу емханалық түрде жасалады. Жеңіл гипнөз ұйқысына келтірілген науқас аурудың басты белгілерін жоюға бағытталған өзін-өзі иландыру сөздерін үш рет қайталайды. Келесі сеанстарда басқа ауру бұзуларын жоюға бағытталған өзін-өзі ұйытулар қосылады. Сеанстар арасындағы күндерде науқас мүмкіндігінше «жадына иландыру жасалған жағдаятты жасап», иландыру формуласын қайталау керек.

КУЭ БОЙЫНША ӨЗІН-ӨЗІН ИЛАНДЫРУ.

- ▶ Өзін-өзі иландыру тәсілдері ішінде кеңінен таралғаны француз аптекарі Куэ әдістемесі болды (Coe E., 1857-1926), оны «саналы өзін-өзі иландыру жолымен өзін-өзі ұстай білу мектебі» деп атаған. Өзінің дәретханада сатқан дәрілерінің емдеу қасиетін жиі физиологиялық түрде негіздей алмаған және науқастардың «елестету күші» деп түсіндірді. Ол иландыру және гипнөз техникасына Льебо (Liebault A. A.) және Бернгеймнен (Bernheim H.) үйрене бастады, ал 1910 ж. Нансида өзінің әдістемесі бойынша емдейтін меншік емханасын ашты. Бұл әдістемесі туралы өзінің отаны Англияда дәрістер оқыды, кейін оларды жинақтап кітап шығарды. Куэ жеткілікті ұйытылатын адам қарсылық білдіріп, оны өзін-өзі иландыруға айналдырмаса, иландыруды қабылдамайды. Куэ және Бодуэн (Baudouin Ch.) басшылығындағы Неонансия мектебінің басты тезисі: иландыру жоқ, тек өзін-өзі иландыру бар. Куэ дәрігер болмағандықтан, өзінің науқастарын «шәкірттер» деп атап, оларды үйретті, саналы түрде өзін-өзі иландыруды бұл «табиғаттың тума күшін», қолданды.

АУТОГЕНДІК ЖАТТЫҒУ (А. Ж.)

- ▶ (грек. autos — өзім, genos — шығу). Күйзелу нәтижесінде бұзылған адам ағзасының гомеостатикалық өзі реттелетін механизмдер жүйесінің динамикалық тепе-теңдікті қалпына келтіруге бағытталған психотерапия, психологиялық алдын алу және психологиялық гигиенаның белсенді әдісі. Әдістеменің негізгі элементтері бұлшық *релаксация жаттығуы, өзін-өзі иландыру* және өзін-өзі тәрбиелеу (аутодидактика) болып табылады. Аутогендік жаттығу белсенділігі классикалық үлгідегі гипнозды терапия – науқастың емдеу үдерісіне енжар қатынас, дәрігерге тәуелділік сияқты кейбір жағымсыз жақтарына қарама-қарсы.

Аутогендік жаттығу екі сатысын жіктейді (Шульц бойынша):

- ▶ 1) төменгі саты — ауырлық, жылылық сезінулерді шақыруға, жүрек қызметі мен тыныс алу ритміне ие болуға бағытталған жаттығулар арқылы релаксацияға оқыту;
- ▶ 2) жоғары саты — аутогендік медитация — түрлі деңгейдегі транстық жағдайларды жасау.

БИОЛОГИЯЛЫҚ КЕРІ БАЙЛАНЫС (Б. К. Б.)

- ▶ (ағылш. — biofeedback). Бұл әдістің негізінде сыртқы кері байланысы жүйесінің қолдануымен ерікті қызметтердің орынды өзіндік реттелу принципі жатыр. Б. К. Б. әдісі оның көзі болып табылатын физиологиялық ақпаратты генерация жасайтын, сол жеке тұлғаның физиологиялық қызметінің жағдайы туралы ақпараттың ұсынылуы қамтамасыз еілген жағдайларда ғана қолданылады. Қалыпты жағдайда біз физиологиялық қызметтердің жағдайлары туралы нақты сандық ақпаратты алмаймыз, мысалы, пульстің жиілігі мен артериялық қысымның мөлшері. Бірақ физиологиялық кішкентай өзгерістерін тіркеуге мүмкіндік беретін Б. К. Б. арқылы саналы түрде оларды басқаруға болады. Б. К. Б. қолдануға негізделген әдістер медицинаның әр түрлі салаларында қолданылады: ЭЭГ патологиялық паттерндерді басуға бағытталған қояншықпен ауыратын адамдар миының биоэлектрлік белсенділігін басқаруға; инфаркт жағдайынан кейінгі науқастарға қалпына келтіру терапиясының тиімділігін арттыру.

ГИПНОТЕРАПИЯ (иландырып емдеу).

- ▶ Гипнөздық күйді емдеу мақсатында пайдаланатын психотерапияның әдісі. ГИПНОТЕРАПИЯ кең таралуы әр түрлі ауруларды емдеу кезіндегі тиімділігіне дәлел. *Гипнөздың* табиғаты туралы және оның медицинадағы қолдану әдістерінің ғылыми түсініктерінің даму тарихы К. И. Платонов (1962), П. И. Буля (1974), В. Е. Рожнов (1985), Катценштейн (Katzenstein A., 1971), Шерток (Chertok L, 1992) және т.б. авторлар еңбектерінде кеңінен ұсынылған. *Иландыру* мен гипнөз құбылыстары тығыз байланысты болғандықтан, П. И. Буль (К. И. Платоновтың артынан) «гипносуггестивтік психотерапия» терминін пайдаланған жөн деп санайды. Тәжірибелі мамандар ГИПНОТЕРАПИЯ нерв жүйкесінің түрлі ауруларын емдеуге, психикалық бұзулар емханасында, ішкі мүшелер ауруларында, акушерлік-гинекологиялық тәжірибеде, хирургиялық араласуда (*Гипнөздағы хирургиялық операцияны қараңыз*) және тері ауруларында қолданады.

Отбасылық психотерапия.

- ▶ Өзара қарым-қатынастардың түзетуіне бағытталған және мақсаты науқастың отбасы мүшелерінде анағұрлым айқындалған эмоциональдық күйзелістерді жою болып табылатын психотерапияның ерекше түрі (Мягер В. К., Мишина Т. М., 1976).



Отбасылық психотерапия жиі 4 кезеңді бөледі
(Эйдемиллер Э. Гипнотерапия, 1976;
Эйдемиллер Э. Гипнотерапия, Юстицкий В. В.,
1989):

- ▶ 1) диагностикалық (отбасылық диагнөз);
- ▶ 2) отбасылық кикілжіңді жою;
- ▶ 3) қайта құратын;
- ▶ 4) қолдайтын.

- ▶ Отбасылық психотерапия тарихи бірінші, Батыста айтатындай, *Фрейд* талдауынан (Freud S.) «кішкентай Ганс» (Sakamoto J., 1967) жағдайына өскен психодинамикалық бағыт болды. Ганстың әкесі күнделік жазып, Фрейдке хаттар жазған, ол хаттарда атты көргенде үрейлі қорқыныштан азаптанатын баласының күйзелісін *түсіндіру* үдерісі туралы жазған, ал жауап ретінде осы жұмысты жүргізу бойынша кеңестер алған. Психодинамикалық көзқарастың негізгі белгілері құрылды: отбасы мүшелері, олардың түсініксіз тілектері, психологиялық проблемалары мен онтогенездің ерте кезінде сезінілген және актуальды тәжірибеде жүзеге асатын өзара проекциялардың өткендегі тарихын талдау. Психотерапияның міндеті *инсайтқа* жету болып табылады – бұрынғы шешілмеген проблемалардың қазіргі кезде отбасы ішіндегі қарым-қатынасқа әсер ететінін және сол бұзылған қатынас контекстінен кейбір мүшелерде өмірге деген бейімделудің невроздық белгілер мен бейімделудің құрылымдық емес тәсілдері пайда болатынын сезіну. Бүгінгі күні психотерапевттің және отбасы мүшелері тарапынан көп күш жұмсауды, көп уақытты талап ететін осындай көзқарас үнемділік жағынан маңызы аз, бірақ тиімділігі зор болып саналады.

Арт-терапия.

- ▶ «Арттерапия» термині (art — өнер, arttherapy (сөзбе-сө) — өнер терапиясы) көбінесе ағылшын тілдес халықтар бар елдерде кеңінен таралған және жиі науқастың психикалық-эмоциональдық жағдайына әсер ету мақсатымен пластикалық суреттеу шығармашылықпен емдеуді білдіреді. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде сонымен қатар «изотерапия» немес «көркем терапия» терминдері қолданылады, бірақ олар ағылшын тілдегіге тең емес және оның мағынасын сәл тарылтады.



- ▶ А. –да науқастарға бір жағынан, өздерінің күйзелістерін, мәселелерін, ішкі қайшылықтаын, екінші жағынан, шығармашылық өзіндік байқауларының анық, нақты айқындалуы үшін психотерапевтпен немесе жалпы топпен қарым-қатынастың белсендірілуіне бағытталған суреттеу және көркем қосымша сипатты әртүрлі сабақтар (сурет, гарфика, кескіндеме, мүсін, дизайн, ұсақ пластика, бұрма, күйдіру, бедер салу, батик, гобелен, өрнек, фреска, витраж, жүн, тері, матадан жасалған әртүрлі заттар және т.б.) ұсынылады. Бүгінгі күні А.-да бейне-арт, инсталляция, перформанс, қарым-қатынастың көзбен шолатын желісі жетекші рөл атқаратын компьютерлік өнер тәрізді формалар да енгізіледі.

Дене-бейімделу психотерапиясы

- ▶ Мақсаты денеге икемделген әдістемелік тәсілдер арқылы адамның психикалық әрекет етуінің өзгеруі болып табылатын психотерапияның көп мағынада түсіндірілетін бағыты. Дене-бейімделу техникаларының дұрыс теориясының, ықпал ету ерекшеліктерінің нақты түсінігі мен қолдану принциптерінің жоқтығы дене-бейімделу (Д. П.) психотерапиясы мәні шегінің негізсіз кеңеюіне әкеледі. Бүгінгі күні аз дегенде, «денемен жұмыс» тәрізді анықталатын 15 әртүрлі көзқарастар сипатталған. Олардың кейбіреулері мәні бойынша таза психотерапиялық, ал басқаларының мақсаты тәннің денсаулығы болып табылатын терапияның әдістері ретінде неғұрлым нақты белгіленген.

Мінез-құлық психотерапиясы.

- ▶ Қазіргі заман психотерапияның жетекші бағыттарының бірі. Жаңа даму кезеңінде Мінез-құлық психотерапиясы (М. П.) анықтамасы тар мағынада қолданылып, оны классикалық және *операнттық келісуге* негізделген техникалық тәсілдерді ғана қосса, соңғы кезде термин мағынасы кеңдігінен атауы мәні жоғалуының қаупі төнуде. Мысалы, Кэнфер (Kanfer F. H., 1975) М. П. «белгілі бір стандартқа сәйкестендіру мен *үйрету* теориясы саласындағы ашылулармен байланыстыларды ғана емес, экспериментальдық психологияда алынған барлық ақпаратты да қамту керек» деп айтқан. М. П. неғұрлым ойластырылған анықтамалардың бірі М. П. американдық ассоциациясында ұсынылады: М. П. «ең алдымен экспериментальдық және әлеуметтік психологияда дамыған қағидалардың қолданылуын қамтиды. М. П. адамның қайғы-қасіреттері мен әрекет ету қабілеттерінің шектелуін азайту керек.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. Семирницкая Э.Г. Мозг человека и психические процессы в онтогенезе. М., 1985г.
2. Лурия А.Р. Нейропсихология. 1975.
3. Хомская С.Д. Нейропсихология. 1987.
4. Цветкова Л.С. Методика нейропсихологической диагностики детей. М., 2000.
5. Основы нейропсихологии. Т.Г.Визель. М., 2005.
6. Выготский Л.С. Развитие высших психических функции. М., 1960.
7. Бондаренко А.Ф. Психологическая помощь: теория и практика. — Изд. 3-е, испр. и доп. — М.: Независимая фирма “Класс”, 2001. — 336 с. — (Библиотека психологии и психотерапии, вып. 94). ISBN 5)86375)040)5